

Қазақстан Республикасының ғылым және білім министірлігі  
Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдер университеті  
Роман-герман филология кафедрасы  
Аударма және филология факультеті

Пән: Мәдениетаралық аспектідегі әдебиет

# ЖОБАЛЫҚ ЖҰМЫС

1-ші аралық бақылау

*Тақырыбы: Тақырып пен идея*

Орындаған: Исатай А.Ж., 120 топ  
Қабылдаған: Жапаркулова К. Ж.

Алматы 2016

# Жоспар

---

## I. Кіріспе бөлім

## II. Негізгі бөлім

- Тақырып — өнер туындысының іргетасы.
- Тақырып және идея.
- Идея— шығарманың негізгі арқауы.


## III. Қорытынды бөлім

Мейлі шағын, мейлі көлемді, ұзақ шығарма болсын, жазушы-ақындар өмір туралы, адам және олардың араларындағы қарым-қатынастар туралы жұртшылыққа өздерінің ой-пікірлерін, көзқарастарын ұсынады. Шығарманы жазбас бұрын, қандай мәселені оқушыларының алдына тартпақшы, сол туралы аз ба, көп пе ойланады. Сан ой, сан алуан пікірлердің ішінен біреуін негізгі ойының қазығы етеді. Сол шығарманың тақырыбы саналады.





Тақырып — өнер туындысының іргетасы. Үйдің қабырғасын салып, төбесін жаппас бұрын іргетасы қаланатыны секілді, көркем шығарманың туу процесі де тақырыптан басталатыны даусыз. “Бәрінен бұрын тақырып пайда болады,— дейді Валентин Катаев,— пайда болады да, жазушыны азапқа сала бастайды. Тақырып санаға сіңіп, ойға орныққан сайын, адам, зат образдары, болашақ пейзаж жұрнақтары туып, тұтаса береді”. Өнер өмірден туатын болса, суреткердің өмірден ең алдымен іздеп табары - өз шығармасының тақырыбы. Ал “тақырып дегенің ұйықтаған балық сияқты қарнын жоғары ‘қаратып, өмірдің бетінде қалқып жүрмейді. Тақырып – тереңде, ағыс арасында, нағыз тұнық және тегеурінді иірімдер ішінде; оны ол арадан іздеп таба біл, төңбекшіген толқын, сарқырама сел астынан тауып алып шыға біл”. Демек, тақырып табу — бір күннің не бірер әрекеттің шаруасы емес, жазушының күллі қаламгерлік қимылының өн бойында жататын, творчестволық процестің барлық кезеңдеріне бірдей ортақ жұмыс. Егер творчестволық процестің үш түрлі (материал жинау, жиналған материалды қорыту, қорытылған материалды жазу) кезеңі бар десек, тақырып осы үш кезеңнің өн бойында тұтас желі тартып жатады.



Тақырыпты жазушылар қалай болса, солай ала салмайды. Шығармаға тақырып боларлық өмір құбылысы, әр алуан өмір мәселелері көп. Солардың ішінен әр жазушы өзінің өмірге көзқарасы, дүниетанушылығы, өз табының тілек-мүддесіне керекті деген тақырыпты таңдайды. Кейде екі таптың ақын-жазушылары бір тақырып туралы жазуы да мүмкін. Бірақ ол тақырыптың негізінде суреттелінетін өмір құбылысын оқушыларына жеткізу, суреттеу әдістері, оқушыларының ой-сезіміне әсер етуі әр басқа.




1905 жылғы революция уақытша жеңіліске ұшыраса да, жұмысшы табы жауларын ақыры жеңіп шығатындығына анық сенушілік идеясы М.Горькийдің «Ана» романына тақырыптық негіз болса, Ұлы Октябрь революциясы Россияда жеңіп шыққаннан кейінгі, тез дамып, тез өскен совет әдебиетінде сандаған жаңа тақырыптар, сол тақырыптарға жазылған көркем шығармалар дүниеге келді. Бұл романдардың тақырыптары: азамат соғысы, соғыс зардабынан бүлінген өндіріс, шаруашылықты сабасына келтіру, Октябрь күндеріндегі совет адамдарының ғажап ерліктері болды. Фадеевтің «Тасталқаны», Фурмановтың «Чапаевы», Серафимовичтың «Темір тасқыны», Мұқановтың «Октябрь өткелдері», «Ботакөзі», Н.Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысы» т.б. Кейінгі колхоз құрылысы кезінде: Панферовтің «Кесінділері», Шолоховтың «Көтерілген тыңы», Майлинның сол тақырыпқа жазылған әңгімелері, Мүсіреповтің «Талпақ танауы», Әуезовтің «Шатқалаң», «Іздері», Мұстафинның «Миллионер», «Шығанағы» т.б. шығармалары туды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі сан алуан поэма, романдар: Фадеевтің «Жас гвардиясы», К.Симоновтың «Күндер мен түндері», Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» т. б. туды. Бұлардың бәрі де Коммунистік партияның кемеңгерлік басшылығы арқылы еңбекшілер жұртшылығының социалистік жаңа өмір құрудағы, отан қорғаудағы қаһармандық, ерлік күрестерін көрсетті.





Егер тақырып — жазушы суреттеп отырған өмір құбылысы болса , идея — жазушының сол өзі суреттеп отырған өмір құбылысы туралы айтқысы келген ойы, сол өмір құбылысына берген бағасы дер едік. Анығырақ айтқанда, жазушы өзі бейнелеп, суреттеп отырған өмір құбылыстары арқылы оқырман назарын неге аударса, қайда бағыттаса, сол — идея! Идеядың шығарма болмайды және болуы мүмкін емес. Мазмұн мен пішіннің байланысы секілді тақырып пені идея да әрқашан бірлікте болады. Тақырыптан идея, сондай-ақ идеядан тақырып туып жатады. Идеядың тақырып, тақырыпсыз идея болуы мүмкін емес.



Дүниетанымы бір, әлеуметтік көзқарастары ортақ бірнеше суреткер бір тақырыпқа жаза қалса, әрине, олар да идеялық жағынан бірін-бірі қайталамауы қажет, әрқайсысы өзінше тың, нұсқалы идея туғызуға тиіс. Мәселен, Мұқановтың “Ботакөзі”, Есенжановтың “Ақ Жайығы”, Нұрпейісовтің “Қан мен тері” — бір тақырыпқа — тарихи-революциялық тақырыпқа — жазылған романдар. Әр романның идеясы өзінше, нұсқалы, бірін-бірі қайталамайды және әр жазушының ортақ тақырыптан туған идеяны көркем жинақтау мәнері өзінше, машығы бөлек, бұл реттен де бірін-бірі қайталамайды. Демек, бұл арада да ‘бір тақырыптан біреу емес, бірнеше идея» туып тұр. Бірақ бұлар бір-біріне кереғар жатқан жоқ. Өйткені, бұл жазушылардың әрқайсысының о бастағы ой өзегі бір-біріне бағыттас, ұқсас, сыбайлас. Сондықтан бұл — идеялық қарама-қарсылық емес, бірлік: дүниеге көзқарастары бір тұрғыдағы бірнеше жазушының бір тақырыптан бір бағытта, бірақ әрқайсысы өзінше, бірін-бірі толықтырар бірнеше идея туғызуы. Бұл өзге-шеліктің түп-тамыры әр жазушының тек өзіне ғана тән дара қасиетінде, ешкімге ұқсамайтын өзіндік творчестволық ерекшелігінде жатыр. Сондықтан, әр жазушы бір тақырыпты әр қырынан жарқыратып ашып, оған әрқашан жаңа, жас мазмұн мен пішін бере білген.





Есте болатын бір нәрсе, шығарманың негізгі, жетекші идеясымен қатар, сол негізгі идеяны толықтыра түсетін қосымша идеялар да болады.

Мысалы, Фадеевтің «Жас гвардиясындағы» негізгі идея - Коммунистік партия мен Совет үкіметінің тәрбиесінде өскен комсомол жастардың патриоттығы. Сонымен қатар ерлік, төзімділік, тапқыштық, көнбістік тағы басқалар. Осылар тәрізді қосымша идеялар да кездеседі.

Осылардың әрқайсысы -жеке шығармаға тақырып, негізгі идея боларлық мәселелер. Бірақ бұл романда солардың бәрі негізгі идеяға, совет жастарының Ұлы Отанын тереңнен сүйген патриоттықтарын көрсетуге бағыныңқы.



Кез - келген көркем шығарманың негізінде бірін-бірі туғызып, бірін-бірі дамытып жатқан тақырып пен идея болады. Жазушы өмір шындығын көркем образдарға жинақтап, өз шығармасының тек идеялық-тақырыптық негізінде ғана суреттеп ‘көрсете алады. Тақырып пен идеяның мұншалық мызғымас бірлігі туралы сан ғасыр бойы суреткерлер мен ойшылдар айтқан аса кемел һәм кенеулі пікірлер көптен-көп. Мәселен, өткен ғасырда Белинский көркем шығарманың идеясын “оның өн бойында желі тартып жатқан ой мен сезімнің мығым бірлігі” деп белгілесе, біздің заманымызда Ғамзатов шығарма идеясын оның тақырыбына тамаша тапқырлықпен нұсқалы әрі ұтымды *көшіріп* әкетеді: “Ой мен сезім — күс десек, тақырып — аспан; ой мен сезім — бұғы десек, тақырып орман; ой мен сезім — елік десек, тақырып — тау; ой мен сезім — жол десек, тақырып — сол жол алып баратын шаһар”.



# Проблемалық сұрақтар

- Идеялық-тақырыптық негіздің күрделілігі деген не?
- Бір тақырыпта бірнеше идея болуы мүмкін бе?
- Тақырып пен идеяны бөлек қарастыруға болады ма? Неліктен?
- М. Әуезовтың “Көксерек” әңгімесіндегі негізгі идея және қосымша идеялар?





## *Қолданылған әдебиеттер:*

- “Вопросы литературы”, журналы, 1961, № 9, 130-бет.
- Р. Гамзатов*, “Дағыстаныш”, М., 1968, 84-бет
- “Қазақ әдебиеті” газеті, 1959, № 43.
- “Қазақ әдебиеті” газеті, 1961, № 27.